

ЖЫР ЖҰЛДЫЗЫ



Солтүстік Қазақстан облысы
«Асыл Мұра» орталығы

ЖЫР ЖҰЛДЫЗЫ



Қызылжар - 2002

84.576.73

мұға

Солтүстік Қазақстан облысы
“Асыл мұра” орталығы

Кұрастырушылар: Қайролла Мұқанов,
Ғалым Қадірәліұлы, Социал Жұмабаев - “Асыл
мұра” орталығының мүшелері.

Составители: Кайролла Муканов, Галым
Кадыралы, Социал Жұмабаев - члены центра
“Асыл мұра” (“Золотое наследие”).

ЖЫР ЖҰЛДЫЗЫ

Жинак (Қазақ және орыс тілінде)

ЖЫР ЖҰЛДЫЗЫ

Сборник (на казахском и русском языках)

35477

Петропавл – 2002 ж. – бет.

ISBN 5-7667-9535-1

© Петропавл - 2002

Солтүстік Қазақстан облысы
“Асыл мұра” орталығы



“Казак жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін... Казак ақындарының қара кордалы ауылында туып, Европадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан арқа қызын көріп, сезгендей боламын. Мағжан культурасы зор ақын... Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуга жарайтын сөз, Мағжанның сөзі. Одан басқамыздан бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін”.

Мұхтар Әуезов

“Абай - ақылдың ақыны, ал Мағжан – ақынның ақыны. Мағжан ақын ретінде Абайдан күштірек. Біз Мағжаннан үйренуіміз керек”.

Сәбит Мұқанов

“... Мағжан нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны”.

Жұсіпбек Аймауытов

“Ағылшындар үшін Шескпирдің, орыстар үшін Пушкиннің ролі қандай болса, казак халқы үшін Мағжаннның ролі сондай”.

Әлкей Марғұлан

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік

Қазақстан облысының Булаев (қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы) ауданының Молодежное селосының жанындағы Сасық көл жағасында туған. Ақынның әкесі Бекен Қазан революциясына дейінгі кезеңдегі ірі қазақ байларының бірі, Қызылжар өніріне Кенес өкіметі келгенше ол Полудин өнірінің болысы болған адам. Бекенде жеті үл, екі қыз болған. Сол балаларының үшіншісі – Мағжан. Ол жасынан ауыл молдасынан хат танып, кейін Қызылжардың Стамбул университетінің түлегі Мұхаметжан Бегішев басқарған Шалақазак медресесінде оқиды. Оқуға зерек баласының бетінен қақпайтын ата-анасы Мағжанның оқуын әрі қарай жалғастыруына қарсы болмай, оны Уфадағы Фалия медресесіне дәріс алуға жібереді.

Жас Мағжан ақындығын ауылда, Қызылжарда жүргенде-ақ танытып, елжүрттың ауызына іліккен еді. Ақынның жырында тақырып, тіліне тиек болған туған жерінің, Жолдызек өнірінің әсем табиғаты, ақ балтырлы қайындары, көкорай шалғыны, айнадай жарқыраған көлі. Осылардың бәрі жас

ақынды сұлулық, әсемдік құшағына алып, шалқытып, толқытып, тебіренткені рас. Ол осы сұлулықты жанына сіңіріп, көріп өсті.

Мағжанның қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастаған тұста Ресей империясында да, оның отары болып отырған Қазақстанның қоғамдық-экономикалық және саяси тіршілігінде де сан қылыштар болып жататын. Қазақ жерін капиталистік қатынастар жайлай бастаған еді. Оның есесіне орыстың прогресшіл мәдениеті де елімізге еркін енуде болатын.

1905 жылғы орыс революциясының дүмпүі Қазақстанға да жеткен. Бодандықтан бостандыққа ұмтылушылық сарыны ел арасына тез тарап кетуге сол кездегі Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ интеллигенциясының өкілдерінің әсері болды. Азып-тозып, күйзелген елдің жай-күйі ақынды ерте алаңдатты. Сол ауыртпалық пен мұшкіл хал кешкен халқының ортасында жүргеннен кейін Мағжанның жанын ел қасіреті аяздай қаритын. Оған ақынның “Тұған жерім Сасықкөл”, “Бостандық” сияқты жырлары куә.

Мағжан Жұмабаевтің әйел – ана тақырыбына арнаған өлеңдері 1910 жылдан бастап қазак газеттерінде жиі жарияланып, тұрды. Өмірдің мәні һәм сәні, күні мен айы, тіршіліктің негізі әйел – ананы, әйел – аруды бар болмыс бейнесімен, шұрайлы тілмен бейнелеп берді.

19 жасар Мағжаның алғашқы өлеңдер жинағы “Шолпан” деген атпен Қазанда басылып шықты. Осы кезден бастап-ақ жас дарынның есімі тек қазак оқырмандарына ғана емес, татар, башқұрт және басқа түркі тілдес халықтарға танымал бола бастады. Сөйтіп қазак елінің көгінде шын мәнінде Шолпандай жаркыраған бір жарық жұлдыздың туғаны күмәнсіз еді. Фажайып жырларымен туған халқын қуанышқа болеген Абайдың ізін басып, жыр сүйер қауымды ойлы да өткір және кестелі, өрнекті өлеңімен тамсандырып, таң қалдырып, әлем әдебиетіне Мағжан Жұмабаев келді.

Ақындық жолына айқын түскен Мағжан Жұмабаев өзінің білімін байыту ниетімен Омбының мұғалімдер даярлайтын

семинариясына түседі. Онда оқып жүргенде ол орыстың, батыстың әдебиеті мен тарихын көп оқып, көп зерттейді. Мағжан Омбыда Пушкиннің, Лермонтовтың, Гетеңің, Гейненің, Байронның және басқа да көптеген орыс, батыс ақындарының шығармаларын тәржімелеп, қазақ оқырмандарына таныстырады.

Әлемдік әдебиеттің кәусар бұлағынан және халқының ғасырлық даналығынан сусындағаны оның рухани интеллектуалдық мәдениетінен, поэзиялық шеберлігінен жарқырап көрінеді. Мағжан Омбының мұғалімдер семинариясын тәмамдағаннан соң біраз жылдар бойы шығармашылықпен айналысады. 1918 жылы Омбыда шыққан “Балапан” қолжазба журналы мен “Кедей сөзі” газетінің жауапты редакторы, Омбы қаласында ашылған қазақ мұғалімдерін дайындайтын курстың директоры (кейін Петропавлға көшіріліп, педтехникум болған, қазір орыс-қазақ балалары аралас оқытылып жүрген гуманитарлық-педагогикалық колледж) болып істеген.

1920 жылдардың басында Мағжан Қызылжар қаласында “Бостандық туы” газетінде және аш адамдарға көмек көрсету комитетінде істейді, 1922-1923 жылдары Ташкентте оқу-ағарту институтында оқытушы болады әрі сонда шығып тұрган “Ақ жол“ газеті мен “Шолпан“, “Сана“ журналдарына өлең-жырларын бастырып тұрады.

Мағжан Жұмабаев 1923-1927 жылдары Мәскеудегі Шығыс әдебиеті институтына түсіп оқиды, әрі қызмет істейді. Мәскеуде Мағжан М.Горькийдің “Сұнқар жыры“ кітабын қазақ тілінде бастырып шығарады. Қазақ, өзбек және түркмен әдебиеттерін үш томдық жинағын В.Брюсовтың тапсыруымен Мағжан баспаға дайындайды. Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде қазақ әдебиетінің тарихы мен қазақтың әдеби тілінің стилистикасы деген тақырыпта лекция оқиды. Осы еңбектерін де баспаға дайындайды. Мағжанның алдынан жыр құлагері атанған Илияс Жансүгіров, филология ғылымының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтар дәріс алады.

Мағжан Жұмабаевтың 1920-шы жылдардағы жыр жолдарына үніле қарап, зейінмен зерттей оқысақ, байқайтынымыз халқымыздың ғасырлар бойы тырнактап жинаған асыл қазыналарын - әдебиетін, тілін, мәдениетін, әдет-ғұрып, әнін, күйін жоғалта көрме, айырылып қалма деп ескерtedі. Ұрпағым, сендер сол мұрадан көз жазып қаласың-ау, - деп зар қағады.

Қазақ жастарын өнер-білімге, жоғары мәдениеттілікке шақырады. Жастарды ізгілікке, инабаттылыққа мензеген ерекшелік Мағжан поэзиясында тұтастық тауып, айшықталып тұрады.

Романтик ақынның қыыннан қыстырыған өлең-жыры болмысты тұра беруден аулак, керісінше, қиял әлеміндегі суреттер, көніл-күй толғаныстары арқылы мұраттарды, дәуір тынысын көркем бейнелеу.

Патшалық заманның қатыгездігінен, үстемдігінен бұғып, қорқып қалған халқын ұлы ерліктерге, бостандық тенденция үшін күрестерге жігерлендіру үшін еліміздің тарихын, хандарының, батырларының

ерліктерін тамаша да әсерлі жырлайды.

“Батыр Баян“, “Қорқыт“, Қойлыбайдың қобызы“ және басқа жыр, дастандар әдебиетіміздің алтын қорына қосылған шоқтықты туындылар. Сөйте тұрағажайып жерлесіміз, ұлы ақын, ұлы азаматтың мына фәни дүниеге сыймайтындаи халге келуі қалай? Оны Мәскеуде де, Алматыда да, Петропавлда да қуғын-сүргінге ұшыратады. Ол ақ түрмеде де, республикалық НКВД-нің қапасында да, Мәскеудің атышулы Бутыркасында да, Соловкидің, Карелияның лагерінде де отырады. Ақыры 1938 жылы қайран ақынды атқызып тынады. Оның себебі, Мағжан ақынның өзі өмір сүрген уақыттан, дәуірден де ертерек туғаны, оның таланттына, дарынына, азаматтығына қатар тұратын замандастарының аз болуы. Мағжанның басты трагедиясы осында. Әйтпесе ұлы ақын жайында қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов: “Қазақ жазушыларынан әрине Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін, Европалығын, жарқыраған әшекейлігін сүйемін.

... Бұғінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық алуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін“, деген екен.

Мағжан Жұмабаевтың кітаптары әлі аз. Баспадан шыққан оның кітаптарының тиражы да көп емес. Сол себептен жыр сүйер қауымға жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың ең тандаулы шығармаларын ұсынып отырмыз.



БҰЛБҰЛ

Сайрайсың мұнды қүймен жүз құбылтып,
Кейде аян, кейде желіс, кейде сылтып.
Денені сұytасың, ысытасың,
Тұрасың маужыратып кейде жылтып.

Құясың тәтті дауыс тамылжытып,
Тұрады жан-жануар дәмін жұтып,
У-шу жок, қарқ-шиқ еткен қарға, торғай
Ұялып әлдекайда кеткен жытып.

Ұста сөз, мұнды даусың басты байлар,
Тоқтаған шабуынан құлын-тайлар.
Даусынан елжіремес нәрсе бар ма,
Жас төгер бойы балқып терең сайлар.

Бұлбұл құс! Көзімде жас, кеудемде от,
Болып, мен саған келдім, ішімде шок.
Дертіме сенен ғана дәрмен болар,
Басқадан, анық білдім, еш пайда жок.

Бұл жерден ұшып кетші сәулем жакқа,
Барып қон нәзік қана бір бұтакқа.

Сөйле оған ашындырып менің жайым,
Көңілін елжіретпей қанат қақпа!

Жұз күбылт даусынды, өрте өзегін,
Өртесін, қызыл жалын қыл төсегін.
Ойын ал, бойын балқыт, сүйдір мені,
Қалсын ол ойлай алмай өз есебін.

Тез, бұлбұл, мұнды дауыс, сиқыр тілдім,
Дәрменді қалың дертке сенен білдім.
Қылмасаң бір мейірім, сорлы пенден,
Қайғыдан қолым жетпей, міне өлдім!

АТАҚТЫ АҚЫН СӘЗІ АЛТЫН ХАҚІМ АБАЙҒА

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді күтпес.

Сөзіңе құлақ салып, баға бермей,
Қисайып қыңырайды жұртың иттес!
Бұртиып, теріс қарап: “Аулак жүр!” - деп,
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.

Тыныш үйқта қабірінде, уайым жеме:
“Қор болды қайран сөзім босқа!” - деме.
Артында қазақтың жас балалары
Сөзінді көсем қылып жүрер жөнге!

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.

Жүрген жанның артында ізі қалар.
Етікші олсе, балға мен бізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,
Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар!

Сүм дүние сылан беріп көптен өтер,
Сау қалғанның көбісі ертең бітер.
Токтамас дүниенің дөңгелегі,
Жүйріктің айтқан сөзі көпке кетер.

ТУҒАН ЖЕРІМ – САСЫҚҚӨЛ

Алыстан мұнарланып шалқыған көл,
Бетінде күннің нұры балқыған көл.

Жарысып саф күмістей ақ көбігін,
Мап-майда мөлдірінде қалқыған көл.

Жанында жас балалар ойнаған көл,
Жан-жануар суынды ішіп, тоймаған көл.
Көз салып жалтырына, мұңға батып,
Фашықтар жарын іздеп, ойлаған көл.

Шешініп қыз-келіншек су алған көл,
Әр жанды мөлдірінен суарған көл.
Масайрап, суға тойып төрт түлік мал
Дәңіне ойнақ салып, қуынған көл.

Сыртында ақ боз үйлер жарасқан көл,
Байларың кедейлерге қарасқан көл.
Ағайын тату-тәтті - қоныс бірге,
Саулықты сағат сайын сұрасқан көл.

Түрлі құс әуез қосып, шулаған көл,
Шуақта балықтарың тулаған көл.
Сапырып сары қымыз ертеңді-кеш,
Басында кенес құрып, дулаған көл.

Сасық деп еркелетіп, ат қойған көл,
От-суға иен түгіл, жат тойған көл.

Салтанат-Калыңбай
Салтанат-Калыңбай

Назданып, жүйрік мініп, тарлан шүйіп,
Көксілдер тұс-тұс жақтан ат қойған көл.

Кір жуып, кіндік кесіп, сенде өскен көл,
Құрбымен ойнап-куліп, кел дескен көл,
Жарасып тайға мініп, батпакқа аунап,
Құресіп күн батқанда белдескен көл.

Айдын көл, ата қоныс, құт болған көл,
Сусын боп сұрағанға, от болған көл.
Кеше бірлік, ынтымак түгел шақта
Бейне бір сенің басын сұт болған көл.

Білмеймін не боларын, қайран көлім,
Жарайды тең болмаса күн мен тұнің,
Итиіл қарашекпен келіп қонса,
Басыңнан құсы ұшып кетер сенің.

ТУҒАН ЖЕР

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуган жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағынан, сен – түбім.
Жалғаны жоқ бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қаранды,
Жарық болар Шолпан, Айым, мен – Күнім.

Тәтті сүйн дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нұын, қыр, сүйна жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балак түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Тұнде - ақсүйек, алтыбақан, ал құндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

“Адам басы – алла добы“ деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Тұған жерім, сені тастап басым жас.

ОРАМАЛ

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.

Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп...

Күз сарғайтты қайынды,
Мен де бірге сарғайдым.
Қара бұлт жауып айымды,
Жылаймын, күйем, зарлаймын.

Толып қалды төрт айға,
Күйікпенен күн өтті,
Жарымды, өкіріп отарба
Қанды жаққа әкетті.

Елін ойлап қамығып,
Жүрегі толып дерг-шерге,
Жүр екен жаным жабығып,
Осы күні қай жерде?

Жарқ-жүрк сансыз көзі бар,
Бейне жынның ұясы,
Ың-жын, у-шу сөзі бар,
Түсірмес жарық қиясы.

Жылы жүзді жаны жок,
Қалада жүдеп жүр ме екен?

Жақыны жоқ, жары жоқ,
Жалған оған көр ме екен?

Солдатша сымдай киініп,
Шекпені оның сүр ма екен?
Күргіне сүйеніп,
Суықта жаурап тұр ма екен?

Жатқан шығар ор қазып,
Жауға ма, әлде өзіне.
Бұрыла алмай бой жазып,
Қайғы шығып жүзіне...

Қасірет батты жаныма,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?
Орала берме, жібегім,
Тезірек жүрші, сен де, біз.
Сенсің қымбат керегім,
Алақандай ақ бәтес.

Қайғыдан өлсем, арман жоқ,
Ақиреттік жолдасым.

Көзімде жас қалған жок,
Кестеге сінді бар жасым.

Орамалды алып сорлыннан,
Көзіңе жасынды іріккенде,
Құрсініп ауыр, сәулемжан,
Көзінді ақырын сүрткенде:

Жасаған ие, тілегім:
Аралассын жасқа жас.
Орала берме, жібегім,
Сенсін, жаным, ақ бәтес.

Қасірет батты жанымса,
Уға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?

ГҮЛСІМГЕ

Жұмактағы жібек желден,
Мәңгі жайнап тұрган гүлден,
Жаратылған әйел сұлу.
Тұрмыс деген бір тұзаққа,

Азға емес, тым ұзакқа
Кез болыпты – ішіпті у.
Әйел атын Гүлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді.

Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
Перштлердің жырынан,
Жұмақ сұзы сылдырынан,
Жапырағының сыйбырынан,
Тәнірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған перште еді,
Мекені оның ғарышта еді.

Алмас қанат перште еді,
Мекені оның ғарышта еді,
Жерді көрді қанға батқан.
Жүргіне қанжар кіріп,
Жапан тұзде андай ұлып,
Елді көрді зарлап жатқан.
Елді көрді – жерге тұсті,
Жерге тұсті – көрге тұсті.

Елді көрді – жерге тұсті,
Қақты қанат, кезді үшты.

Кім зарласа, соны сүйді.
Күлгенненен бірге күліп,
Өлгенненен бірге өліп,
Күйгенненен бірге күйді.
Жабықанға жәрдем етті,
Қара да, ақ та теңіз өтті.

Алдап меруерт көбік шашар,
“Кел, - деп, - бері!” - қойнын ашар,
Тұрмыс – теңіз бір тұңғиық.
Теңізге кім басар қадам,
Басса басар оған адам,
Жанын сатып, жанын қызып.
Тұрмыс – теңіз де өлді.

Өлді сұлу - өтті жылдар,
Өлді сұлу – тынды жырлар.
Жалғыз ерте кешкі таңмен,
Қанды жерге көзін салып,
Көкті ойлап күйіп-жанып,
Қоңырлатқан мұнды әнмен
Ұшады екен қанат қағып,
Көзінен ыстық жасы тамып.

Жан толқытар жыр іздеген,
Әдемілік нұр іздеген,
Қиял құлы – мен бір ақын.
Тұрмыста тар, тайғақ жолға
Түсіп келе жатып зорға,
Күні кеше кешке жақын
Батқан күннің таңын көрдім,
Сол сұлудың жанын көрдім.

Күні кеше жанның жырын,
Жүзіндегі жұмақ нұрын
Естіп, көріп, елжіредім.
Жан, жүрегім, қолым беріп,
Қан аралас жасым төгіп:
“Жолым баста, келші!” - дедім.
Қайырылып та қарамады,
Жас жүрегім жаралады...

“Мен бір жанмын өлген”, деді,
“Періштелер көмген”, - деді.
Бір қарады, кете барды.
Жүзіндегі жұмақ нұры,
Аузындағы мұнды жыры
Жүрегіме сіңіп қалды.

Жүргімнен кетпес бұл жыр,
Құбылса да мыңға өмір.

Перштегер лебізінен,
Шын махаббат теңізінен
Жаратылған әйел сұлу!
Тұрмыс деген бір тұзаққа,
Азға емес, тым ұзакқа
Кез болыпты – ішіпті у!
Әйел атын Гұлсім дейді,
Тұрмыс атын тылсым дейді...

ОТ

**Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде
(1914-1916) жазылған**

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде - от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі – от.
Оттан басқа тәңірі жок.

Тілімен жұмсақ сүйеді,
Сүйген нәрсе күйеді.
Жымып өзі жорғалар.
Ұшырағанды шоқ қылар,
Шоқ қылар да, жоқ қылар.
Мұның аты от болар.
Мен де отпын — мен жанам,
От — сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,
Бәрі жасық басқаның.
Жалын жұтам — тез тоям.
Әулием, ием, құтыма,
Теңсіз тәңірім отыма
Әлсін-әлсін май құямы.
Май құямын - өрлейді,
Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,
Кейде аждаһа жалмайтын.
Сескенбес, сірә, кім сенен;
Шынында, менің өзім де — от.
Қысылған қара көзім де — от.
Мен — оттанмын, от — менен,

Жалынмын мен, жанамын.
Оттан туған баламын.

Қарандылық бүкканды,
Қызырып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүргегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.
Жүргегім де, жаным да — от,
Иманым да, арым да — от.

Жарқырап от боп туғаннан,
Белімді бекем буганнан,
Қарандылық - дүшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға
Талай зулап үшқанмын,
Әлпіге барғам Алтайдан,
Балқанға барғам Қытайдан.

Заулап, өрлеп аспанға,
Әлпіден асқар асқанда
Отты Атилла, Баламір,

Мен едім. Тағы барғанда
Ойран салып, Балканға
Жолбарыс Жошы, Сүбітай ер
Шалғай-шалғай жер шалып,
Басылдым біраз от алып...

Кеше маған тіл келді,
Құн батыстан жел келді,
Қараңғылық қаптады.
Ұяттан әсер қалмады.
Идеалды алланы
Қарын деген таптады.
Құнім, заулап жана гөр.
Құнбатысқа бара гөр?

Енді заулап жанайын.
Құнбатысқа барайын.
Бір шетінен тиейін.
Қараңғы тас қаласын,
Жалмауыз, жауыз баласын
Жалынмен жалап сүйейін.
Не қалар екен қаладан!
Жалмауыз жауыз баладан!

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от.
Сөзім, қысық көзім де – от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәнірі – от.
Оттан басқа тәнірі жок.

ПАЙФАМБАР

*Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наши Пророк.
Д. С. Мережковский*

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Тұнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәнірісін табанында таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз жүлдyz батпаған,

Тұн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәнірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жок қараңғыда лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
“Қарын“ деген сөзді ғана жаттаған.

Тұн баласы... Тұн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол,
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей үрттап қанын ішкен ол.

Тұн баласы тұнерген тұн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Тұн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар.
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Тогілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған соң күшті у.

Тұн баласы тұнеріп тұр өлгелі,
Көзінді сал – күнбатыста қанды шу.

Көзге тұртсе көрінбейтін қара күн,
Күнірене ме, күле ме әлде, әлдекім?
Жылайды да, шулайды да үлиды,
Бұл кім? Бұл ма – тұн баласы түссіз жын.

Қап-қара тұн. Тұн баласы күніренед,
Күніренеді – бір-біріне ұн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара тұнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара тұн. Толқынданған қара қан.
Қара тұнде өңшең соқыр шұбырған.
Сол шұбырған сансыз соқыр алдында
Ентеленген кәдімгі Иван есалан.

Қап-қара тұн. Шегір көзді жындар жүр.
Қап-қара тұн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Тұн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара тұн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.

Тұн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде жоқ бар еді, тұн туған.
Қап-қаранғы тұн ішінде Күн туған.
Отты Күннің сәулесінен от алтын
Отты көзді, отты жанды Гун туған.

Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, Гуннен туған пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін – пайғамбар,
Күт сен мені, “лахауланды“ оқи бер.

Күншығыстан таң келеді – мен келем,
Көк күніренед: мен де көктей күніренем.

Жердің жүзін қарандылық қаптаған
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара тұн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара тұн. Күніренеді тұн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сыйық бар;
Мен келемін, мен пайғамбар – Күн ұлы.

КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруын қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күнірентіп жерді ыңыраншы,
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?

Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан,
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге
Жақын қалды Күнбатыс.

Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан жаққа сүзіп көз салу –
қолынан енді келері.

Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанға боялсын.
Оның өлген ұнімен,
Қанды батқан күнімен,
Күншығысым оянсын!

Қысық көзді күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік
Желкілдеген туменен,
Жер күніреткен шуменен
Қаласына кірелік.

Күл қылайық қаласын!
Күл қылайық баласын!
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,

Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.

Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік
Күншығыстың нұрына.

Терең теңіз тебіренді,
Күншығысым күніренді.
Қырағы көзім көреді.
Желкілдеген туменен,
Жер күніренткен шуменен
Қара бұлт қаптап келеді.

Әй, сен, кесел Күнбатыс
Бұл жатуың қай жатыс,
Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса қорықсан өлімнен,
Үмітің болса өмірден,
Ұста менің қолымнан!

АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ

“Жиһан деген не нәрсе? –
Алақанның ауданы!
Бір ауданда көп тәнірі
Болудың тіпті жоқ сәні.

Тәнірі – көктің тәнірісі,
Күніренсін, көгін билесін!
Жер тәнірісі Темірмін,
Жеріме тәнірі тимесін!”

Көк тәнірісі – тәнірінің
Тұқымы жоқ, заты жоқ.
Жер тәнірісі Темірдің
Тұқымы – түрік, заты – от.

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,
Кос қанатым – алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі,
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып – ата затым сұрасан,
Асқан дана – ана затым сұрасан,
Шашып жалын жас жолбарыс үмтылса,
Қорқақ күлдар, қалай қарсы тұрасын?!

Тұлпар мініп, туды колға алайын,
Сурып қылыш қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенім танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын!

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын,
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі үрпағым.

Дүғада бол, алтын Алтай - қарт анам,
Алып ата қуды жолың ер балаң.
Ақ шашынды, көкірегінді иіскеуге,
Тәнір жазса, сәuletпенен тез барам.

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді. Айбынды ту құлады.
Кеше батыр – бүгін қорқақ, бұғады.

Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей құшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқан жандар ұмытылды.

Елдік, бірлік, ерлік, қайрат, бақ ардың -
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың..
Алтын Күннен бағасыз бір белгі болп,
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсан да ұзак, кен – тілім,
Таза, терен, өткір, құшті, кең тілім,
Таралған түрік балаларын бауырына
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

ЖЕР ЖҰЗІНЕ

Жер жұзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалаш қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққан асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.
Талаі тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?

Талмай, қайтпай қамал бұзған кеменгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен
Корқақ болсам, жұтсын мені қара жер!

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанаты,
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар.
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ міnez жібектер,
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер.
Мен жастарға сенемін!

Тау суындаі гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер.
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұнқарға?
Иман күшті оларда.
Мен жастарға сенемін!
“Алаш“ - айбынды ұраны.
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

АЙДА АТЫНДЫ, СЭРСЕМБАЙ

Айда атынды, Сәрсембай,
Ағарып алтын таң атпай
Шығайық қырға, далаға.
Шу-шу-шу...
Әттең ғана бұл оқу!
Келмес едім қалаға.

Қараши кейін бұрылып,
Таудай болып созылып,
Қала – бір жатқан дәу пері.
Айналасы – тұман, тұн.
Дем алысы – от, түтін.
Жарқ-жарқ етер көздері.

Сөзі у-ушу, ың да жың,
Сасық иіс ауыр тым.
Тұншықтым ғой, құдай-ай!
Кейін қарап нетеміз?
Ауылға қашан жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай.

Әйелдері үятсыз,
Күнде сүйгіш, тұрақсыз.
Қылмыңдасар, керілер.
Жұздерінің қаны жок,
Көздерінің жаны жок,
Еркектері – “перілер“.

Оларда отты жүрек жок,
Тамақтан басқа тілек жок.
Қорсылдаған “доныздар“
Тұн баласы перілер,
Жұмақтан артық көрінер –
Оларға сасық үңгір тар.

Көкті көрмес көр олар,
Қараши, қанша жұлдыз бар!
Құліп қана жүзеді ай.
Қалаға келіп қанғырдым,
Сар даламды сағындым,
Айда атынды, Сәрсембай.

Әлде үйқың келе ме?
Сәрсембай-ау, сен неге
Шырқап бір ән салмайсың?

Жетесің туған жеріңе,
Еркелеткен еліңе,
Жүргім, неге жанбайсың?!

Сарыарқамның топырағы –
Менің жаным шырағы,
Кеудемді төсеп жатамын.
Оның жібек желінің,
Тәтті кәусар көлінің
Қазір дәмін татамын.

Қайрылып кейін қараман,
Шықтық па ұзак қаладан,
Айтшы, жаным, ағатай?
Кейін қарап нетеміз?
Ауылға қашан жетеміз?
Айдашы атты, Сәрсембай!

СҮЙЕМІН

Күлдей күнгірт шашы бар,
Тоқсан бесте жасы бар,
Көз дегенің - сұп-сұр кор.
Тасбиқ санап бүгіліп,

Жерге қарап үңіліп,
Көрше ауыр күрсінер,
Менің бір қарт анам бар.
Неге екенің білмеймін,
Сол анамды сүйемін.

Көзінде көк нұры жоқ,
Аузында жұмақ жыры жоқ,
Жалынсыз, усыз құшағы,
Иірілмейді жыландаі,
Сөзі де жоқ құрандаі,
Білгені - қазан-ошағы.
Жабайы ғана жарым бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол жарымды сүйемін!

Үйқы басқан қабағын,
Бастыра киген тымағын,
Жалқаулықты жар көрген.
Жұрген ескі занымен,
Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол елімді сүйемін!

Сағым сайран құрады,
Бораны ұлып тұрады,
Қыс – ақ кебін, жаз – сары.
Орманы жоқ, шуы жоқ,
Тауы да жоқ, суы жоқ,
Мәңгі өлік сахрасы,
Сарыарқа деген жерім бар.
Неге екенін білмеймін,
Сол Арқаны сүйемін!

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрап?
Көкте – бұлт, жерде – желмен гулеген,
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрап?

Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір гарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың.
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.

Күл болсын көк, жемірлісін жер, уайым жок,
Көз қырымен күліп қана қаармын.

Мен өлмеймін. Менікі де өлмейді.
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім – патша, өзім - қазы, өзім – би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем – сегіз жұмақ қолымда.
Қаһарлансан – тамұқ даяр құлымда.
Жоқ жақыным, жасағандай жалғызбын!
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!

Өзім – тәнірі, табынамын өзіме,
Сөзім - құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіңе!

СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қанымса.
Бұл ләзаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай белінен,
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тілінен.
Бой шымырлап, талықсиды журегім,
Балқып денем барам еріп демінен.

Кір койныма, қыпша белің бұралып,
Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып...

Шашың - кара, денең - ак бұлт, жүзің - Ай,
Тісің - меруерт, көзің сәулем, құралай.
Ләzzат, рақат, бақыт – бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді жұмак - жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Жасағаннан бір-ак нәрсе тілеймін:
Отпесе тұн, атпаса екен таңы да!

ШОЛПЫ

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр.
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сыңғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қызы санадан солғыр!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, перштем, тез кір!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Есімнен аудырды құрғыр.
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр. Сылдыр. Сылдыр...
Талдым. Қалды сүлдер,
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр....сылдыр... сылдыр...

СЕН СҰЛУ

Білем анық: жанға жайлыш май сұлу,
Жарқ-жүрқ еткен майда нажағай сұлу.

Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті, түрлі-түрлі гүл сұлу.
Әдемі аспан – төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ құліп сымдыр қаққан су сұлу.
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқылдаған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын күн сұлу,
Жымындаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі құн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім – Күн, көкте ақырын жүзе білед.
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

ТОЛҚЫН

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
Күніренісп кеңеспен
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын ептеп ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландаі жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.

Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.

Күміс кәусар сұымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.

Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жартасын,
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны – күлгені,
Күлгені оның - өлгені,
Жылай, күле өледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі үрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады.

ЖАЗФЫТҰРЫМ

“Болды міне, дәл алты ай,
Жаттың үйықтап, еркетай.
Үйқын қанды, тұр, қозым,

Аш көзінді, жұлдызым!“ -
Деп мандаидан ақырын
Жұмсақ жылы сәулемен
Сипап жерді Күн келер.

Аяқтарын көсіліп,
Еркеленіп, есінеп.
Жер – нәресте жас бала
Жаңа оянып жатқанда,
Жұмсақ ыстық бетінен
Тәтті ғана сүйсем деп,
Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар,
Ақ шымылдық ашылар.
Сылқ-сылқ күліп сылдырлап,
Бірдене деп былдырлап,
Көрінгеннен сүйінші
Сұрайтын жас баладай,
Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрап,
Мөлдір сумен жуынар.
Үлде менен бұлдеге,

Күміс кәусар сұымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.

Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен жуып жартасын,
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны – күлгені,
Күлгені оның - өлгені,
Жылай, күле өледі.

Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі үрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады.

ЖАЗФЫТҰРЫМ

“Болды міне, дәл алты ай,
Жаттың үйықтап, еркетай.
Үйқын қанды, тұр, қозым,

Аш көзінді, жұлдызым!“ -
Деп мандайдан ақырын
Жұмсақ жылы сәулемен
Сипап жерді Күн келер.

Аяқтарын көсіліп,
Еркеленіп, есінеп.
Жер – нәресте жас бала
Жаңа оянып жатқанда,
Жұмсақ ыстық бетінен
Тәтті ғана сүйсем деп,
Күбірлеп жылы жел жүрер.

Дамыл алмай жылар қар,
Ақ шымылдық ашылар.
Сылқ-сылқ құліп сылдырлап,
Бірдене деп былдырлап,
Көрінгеннен сүйінші
Сұрайтын жас баладай,
Асығып сулар жүгірер.

Керіліп ерке жер тұрар,
Мөлдір сумен жуынар.
Үлде менен бұлдеге,

Тұрлі түсті гүлдерге,
Ши жібекке оранып,
Қарағанда көз тоймас,
Бұлдіршіндей киінер.

Көріп сұлу баласын,
Көз ішінде қарасын,
Қуанып, тасып жүрегі
Қысып ыстық сүйеді.
Перштем деп айналып,
Алтын ана Күн жүрер.

Мұны көріп бұлттар,
Күніреніп етер зар:
“Біздерде алтын ана жок,
Қысып сүйер бала жок,
Тұрақ та жоқ белгілі!” -
Деп тұнжырап күрсініп,
Әлсін-әлсін жас төгер.

ЖАЗ КЕЛЕДІ

Жел жалығып, хал жиып,
Қалғып қана тербелед.

Жұмсақ қана жымып,
Жібек қанат жаз келед.
Көк алтынға көмілген,
Ауага алтын себілген.
Алтын емес себілген,
Жаздың шашы төгілген.

Әне, ерке жаз келед,
Ал, балалар, қараңдар.
Ойнап алтын шаш беред,
Ал, балалар, тараңдар.

Қайғылансын, күрсінсін!
Енді ұзамас, ерір қар.
Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей шыдап кім қалар?

Сұлу жаздың лебізі
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көл, өзенін, теңізін.
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Төл үйдегі үйшікті
Таста, бала, белді бу.
Белден батып күртікке
Енді ізде қызыл су.

Баланы күміс дауыстан
Кім тоқтатар, кім тыяр?
Ерке жаз да алыстан
Жұмсақ қана жымияр.

Қара көз, таста кестендей,
Үйде отырып қуарма!
Тысқа шығып-кіргенде
Екі бетің – екі алма.

Дертің болса жүректе,
Тәкле жасың, аһ ұрма.
Жеткізер анық тілекке,
Шықта жазға сыйырла.

Жұмақ нұрлы жаз келед,
Алтын жүзді, алтын шаш.
Ағаштар ақырын тенселед,
Жанды-жансыз бәрі мас.

Күн батқан соң қатқақ бол,
Қуанғанда ессіз қар,
“Жаз келеді, жаз, жаз!” - деп
Жымындаиды жүлдышдар.

Алтын сәуле түр сүйіп,
Жел маужырап тербелед.
Жұмсақ қана жымып,
Жібек қанат жаз келед.

ЖАН СӨЗІ

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сыл-сылқ құлғен сиқырлы толқын беті
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай – толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты
Содан бері Күн талай шықты, батты.
Ес білгелі алысам өміріменен,
Өмір – теңіз, толқыны тым көп қақты.

Мен туғалы ағарып, көп таң атты,
Қараңғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қайғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып.

Ессіз жүрек, бөгелші біразырак,
Үңіліп отыз түр ғой, арты - қырық.
Әмірінді екі қылмай орындаым,
Есімде отқа, суға ұрынганым.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Әмірімді осынша улап не қылғаның?! X

“Жел бол“ - дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды, есалан әкпінді боп,
Заулап тұрган отқа өзім тұспедім бе?!

“От бол“ - дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
Құлді де алдым күшаққа, гүлді де алдым,
Мынау “күл“, мынау “гүл“ деп тандадым ба?

“Су бол!“ - дедің, сылдырап ақпадым ба?
Жыландај жұз бұралып жатпадым ба?
Ерікті-еріксіз сүймнан татар жанды
Сиқырлап сылдырменен таппадым ба?

“Күн бол!”—дедің, мен Күндей күлмедім бе?
Күннен де астым, мен күндіз-түн дедім бе?

Күн-тәкаппар. Мен көппен құшақтастым,
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

“Ай бол!” – дедің, ай болдым жүзбедім бе?
“Әпсүн” оқып, жер жүзін кезбедім бе?
Анадайдан сиқырлы сәуле төгіп,
Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен: “Сүй!” – дедің, талайды сүймедім бе?
Көбелек бол көп отқа күймедім бе?
Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң
Мен талай күлден кебін кимедім бе?

“Жыла дедің, талай жас төкпедім бе?
Дария болды көз жасым, көп дедім бе?
Жасым бітсе, қып-қызыл қан жыладым,
“Жыламаймын, көзде жас жок”, – дедім бе?!

“Ата-анаңнан без!” – дедің, безбедім бе?
Қаңғырып, талай жалғыз кезбедім бе?
Басыма талай қара күндер туды
Ата-ана, туысқан іздедім бе?

“Елің тастап кет?” – дедің, кетпедім бе?
Жер шетіне барсам да шет дедім бе?

Жыландай бауырына кіріп алып,
Қалайда жатты жақын етпедім бе?

“Дәүлеттен қаш!” – дедің сен, қашпадым ба?
Қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба?
“Нәжісті – доныз, сүйекті – ит жияд” – деп,
Барымды желге ұшырып шашпадым ба?

“Жоқты іздеп тап!” – дедің сен, таппадым ба?
Сен: “Айға шап!” дегенде, шаппадым ба?
Не керек! Бар бүйріғынды орындадым,
Сүм жүрек, сол қызметімді актадың ба?

Ақтамадың, алладың, енді білем,
Енді бір ай – жиырма жеті жасқа келем
Отыз, қырық... Қартаям, сөнем, өлем
